

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ

(мемлекеттік тілде  
іс қағаздарын жүргізудің үлгілері)



БЕКІТЕМІН  
Ұйым басшысының  
лауазым атауы  
\_\_\_\_\_ Қолтаңбаның  
(өз қолы) толық жазылуы  
Уақыты

Жоғары тұрған органның  
ресми атауы  
Ұйымның ресми атауы

### № АКТІ

Жасалған орны

### Құжаттар мен істерді қабылдау-өткізу туралы

\_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығына сәйкес осы  
бұйрық негізінде құрылған комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ және  
(фамилиясы және аты-жөні)

мүшелері \_\_\_\_\_  
(фамилиялары және аты-жөндері)

қатысуымен \_\_\_\_\_ жылдардың құжаттама қызметінің  
құжаттары мен істерін және оған тіркелетін тіркеу-есепке алу нысандарын  
\_\_\_\_\_ тапсырды, ал  
(фамилиясы және аты-жөні)

\_\_\_\_\_ қабылдап алды:  
(фамилиясы және аты-жөні)

Реті №	Істер номенклатурасының (тізімдемесінің) атауы мен нөмірі	Істер номенклатурасы (тізімдемесі) даналары саны	Істердің (алымдағы) саны, айрықша құнды істер (бөлімдегі) саны	Сақтық қоры сақтау бірлігінің саны	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

Қорытындысында \_\_\_\_\_ іс, оның  
(цифрмен және жазумен)

ішінде \_\_\_\_\_ аса құнды істер,  
(цифрмен және жазумен)

сақтық қорының сақтау бірлігі \_\_\_\_\_ және  
(санмен және жазба түрде)

іс номенклатурасы (тізімдемелер) даналары \_\_\_\_\_  
(цифрмен және жазумен)

қабылданып алынды.

Құжаттар мен істердің, сақтық қорының, істердің (тізімдемелердің) нақты  
номенклатурасының жай-күйі: \_\_\_\_\_

(жай-күйінің жалпы сипаттамасы)

Мұнымен бірге \_\_\_\_\_ берілді.  
(ақпараттық-іздеу жүйесінің түрлері, олардың көлемі мен жай-күйі)

Құжаттармен, оның ішінде ведомстволық мұрағатпен жұмыстардың жай-күйі

(жалпы сипаттамасы)

Жабдықтар мен құрал-саймандардың бар-жоғы және жай-күйі:

Өткіздім \_\_\_\_\_  
(өз қолы)

Қолтаңбаның толық жазылуы

Қабылдап алдым \_\_\_\_\_  
(өз қолы)

Қолтаңбаның толық жазылуы

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(өз қолы)

Қолтаңбаның толық жазылуы

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_  
(өздерінің қолдары)

Қолтаңбалардың толық жазылуы



Бекітемін  
Кәсіпорынның басшысы

Қолы Аты-жөні  
00.00.00  
Мөр

### ІСТІ ТАПСЫРУ-ҚАБЫЛДАУ АКТІСІ

00.00.00. \_\_\_\_\_ қаласы

Жұмыстан босатылатын бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(кәсіпорынның атауы)

(аты-жөні)

және жаңадан тағайындалатын бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(аты-жөні)

№ \_\_\_\_\_ бұйрық негізінде, 00.00.00. жағдай бойынша олардың істі тапсыру-қабылдау  
актісі жасалды.

Тапсыру-қабылдау актісі кәсіпорын директорының  
орынбасары \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қатысуымен жүргізілді.

(аты-жөні)

Істі тапсыру-қабылдау нәтижесінде:

1. Бас кітап толығымен «\_\_» \_\_\_\_\_ жағдай бойынша толтырылды.  
Синтетикалық есеп талдама есептің тиісті позициясына сәйкестендірілді.

2. \_\_\_\_\_ шоты бойынша аналитикалық есептің  
карточкасы көрсетілді.

3. Ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйек айларына арналған ордерлік журналы  
көрсетілді, \_\_\_\_\_ талдама есеп бойынша тізімдеме және  
депоненттерді тіркеу кітабы көрсетілді.

4. \_\_\_\_\_ жылғы бухгалтерлік  
баланс көрсетілді.

5. Мыналар бойынша \_\_\_\_\_ жылғы салық декларациясы  
көрсетілді:

- табыс салығы бойынша;
- ҚҚС бойынша;
- әлеуметтік салық бойынша.

6. \_\_\_\_\_ жылғы I, II, III тоқсандардағы тексерулердің  
актілері көрсетілді.

7. \_\_\_\_\_ жылғы кәсіпорынның жылдық есебін тексерген тәуелсіз аудитордың  
қорытындысы берілді.

8. Тізімдеме бойынша \_\_\_\_\_ іс архивке өткізілді.

9. Тізімдеме бойынша анықтамалық-нормативтік әдебиеттер тапсырылды.

Қосымша: 1. Кәсіпорын мұрағаты ісінің тізімдемесі, 5 бет.

2. Анықтамалық-нормативтік әдебиеттер тізімдемесі, 2 бет.

Істі тапсырдым \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_ аты-жөні

Істі қабылдап алдым \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_ аты-жөні

Істі тапсырып-қабылдап алуға қатысқандар:

Кәсіпорын директорының орынбасары \_\_\_\_\_ қолы  
\_\_\_\_\_ аты-жөні



## ҰЖЫМДЫҚ ЕҢБЕК ШАРТЫ

Әлеуметтік қамсыздандыру және еңбек кепілдіктері жөніндегі қызметкерлердің құқықтары жөнінде, кәсіпорынның қызметіне қолайлы жағдай жасау мақсатында жұмыс берушілер атынан \_\_\_\_\_ және қызметкерлер мен кәсіподақ комитетінің (бастама тобы) атынан \_\_\_\_\_ өзара бірлесіп осы ұжымдық еңбек шартын жасады.

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Шартқа қол қойған тараптар негізгі, облыстық, салалық (тарифтік) келісімдерге сәйкес міндеттемелерді өз мойнына алады.

1.2. Ұжымдық шарт қол қойылған сәттен бастап үш жылға дейін заңды болып табылады.

1.3. Ұжымдық шарт осы уақытта жұмыс істеп жүрген барлық қызметкерлерге, сонымен бірге жаңадан қабылданған қызметкерлерге де қатысты.

1.4. Шартқа енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар екі жақтың келісімімен жүргізіледі.

1.5. Ұжымдық шарттың орындалуын бақылау тоқсан сайын жүзеге асырылады.

### 2. Еңбекақы төлеу

2.1. Жұмыс беруші кепілдік берген ең төменгі жалақы мөлшерінен кем болмайтын жалақы төлеуге міндеттенеді.

2.2. Жалақының мөлшері осы шартқа қосымша болып табылатын және жұмыс беруші кәсіподақпен бірлесе отырып әзірлеген еңбекақы туралы ережеге сәйкес анықталады.

2.3. Жалақыны әрбір айдың \_\_\_\_\_ күні төлейді.

2.4. Осы шартқа қосымша болып табылатын және жұмыс беруші кәсіподақпен бірлесе отырып әзірлеген еңбекақы туралы ережеге сәйкес, жұмыстың қорытындылары бойынша қызметкерлерге сыйақы төленеді.

2.5. Кәсіподақпен келісе отырып, тоқсан сайын тиімді түрде еңбек еткені үшін қызметкерлерге тоқсандық сыйлықақылар төленеді.

2.6. Кәсіподақпен келісе отырып, жыл қорытындылары бойынша қызметкерлерге 13-жалақы төленеді.

2.7. Жаңа өндірісті игеру (технологияны, өнімді) кезеңінде қызметкерге бұрынғы орташа жалақысы деңгейінде қосымша төлем жүргізеді. Қосымша ақыны төлеу мерзімі екі айдан аспау керек.

2.8. Жұмыс берушілер жалақыға қосылатын үстемақы мен қосымша ақылардың төмендегідей түрлерін белгілейді:

- кәсіби шеберлігі үшін \_\_\_\_\_ теңге;

- бір-бірімен байланысты кәсіптерді игергені үшін \_\_\_\_\_ теңге;

- зиянды және қиын еңбек жағдайында жұмыс істегені үшін \_\_\_\_\_ теңге;

- ұзақ іссапарлар үшін \_\_\_\_\_ теңге.

2.9. Кәсіпорын қызметін тоқтатқан жағдайда жұмыс беруші қызметкерлердің жалақысы бойынша берешектерді жабатын қаражаттар іздеуге міндетті.

2.10. Жалақыны 1 айдан көп уақытқа кешіктірілген жағдайда жұмыс беруші қызметкерлерге берешек соманың 0,1%-мөлшерінде өсім ақы төлеуді жүзеге асырады, сонымен бірге көлік шығындарын, балаларды балабақшада және мектепте ұстау, денсаулық сақтау қызметтеріне байланысты төлемдерді төлеуге міндетті.

### **3. Еңбекті ұйымдастыру және қорғау**

3.1. Жұмыс беруші мен қызметкер осы ұжымдық шартқа тіркелген қосымшада белгіленген еңбек тәртібін қатаң сақтауға міндетті.

3.2. Жұмыс беруші:

- бір күнтізбелік күннің ішінде екі сағаттан артық мерзімінен тыс жұмыстарға қызметкерлерді жібермеуге;

- \_\_\_\_\_ цехта, \_\_\_\_\_ учаскеде, \_\_\_\_\_ бөлімшеде жұмыс уақытының жиынтық есебін қолдануға;

- осы шартқа қосымша болып табылатын және кәсіподақпен бірлесе отырып әзірлеген жоспарға сәйкес, қызметкерлерді қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету және еңбекті қорғау мәселелері бойынша шараларды жүргізуге;

- осы шартқа қосымша болып табылатын және кәсіподақпен бірлесе отырып әзірлеген тізім бойынша денсаулыққа зиянды жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге қосымша жеңілдіктер жасауға (қосымша демалыс, демалу үшін қосымша үзілістер, арнайы тамақ);

- қызметкерлерді жұмыстың кез келген ауысымында (смена) ыстық тамақпен қамтамасыз етуге. Цехтарда және басқа да құрылымдық бөлімшелерде жұмыс уақытында тамақ істеп ішуге жағдай жасауға міндеттенеді.

3.3. Еңбек және демалыс режимі белгіленеді:

- күндізгі ауысым \_\_\_\_\_ сағаттан \_\_\_\_\_ сағатқа дейін, үзіліс уақыты \_\_\_\_\_.

- Кешкі ауысым - сағаттан \_\_\_\_\_ сағатқа дейін, үзіліс уақыты \_\_\_\_\_.

### **4. Жұмыспен қамту**

Шынайы себептерге байланысты штат кестесінің қысқаруы қажет болған жағдайда жұмыс беруші кәсіподақпен кеңесе отырып, оның жағымсыз зардабын жеңілдету мақсатында мына шараларды жүзеге асырады:

- қысқарту жүргізілген кезде жұмыста қалуға басым құқық иеленетін қызметкерлерді айқындайды:

а) кәсіпорында 15 жылдан (еркектер) және 10 жылдан (әйелдер) артық қызмет істеген қызметкерлер;

б) толық емес отбасыларында бала тәрбиелеп отырған қызметкерлер;

- жұмыстан босатылатын қызметкерлерге кәсіпорын есебінен, кәсіпорында бар бос орын бойынша білім алуға мүмкіндіктер жасау;

- штаттың қысқаруына байланысты жұмыстан босатылатын қызметкерлерге жұмыс іздеу үшін апта ішінде ақысы төленетін бір күн беру мүмкіншілігін қарастыру;

- зейнетке шығуына байланысты жұмыстан шығарылатын зейнеткерлерге және кәсіпорында 25 жыл (еркектер) және 20 жыл (әйелдер) еңбек еткен қызметкерлерге кәсіпорын қаражаты есебінен бес орташа жалақы сомасында жәрдемақы төленеді.

## 5. Әлеуметтік және еңбек кепілдіктері

5.1. Қызметкерлерге қосымша ақылы демалыстар беру:

№1 цех үшін – 3 жылдан артық үздіксіз еңбек стажы бар қызметкерлерге –3күн;

5 жылдан артық үзіліссіз еңбек стажы барларға – 5 күн;

10 жылдан артық үзіліссіз еңбек стажы бар қызметкерлерге – 10 күн.

№ 2 цех үшін - 3 жылдан артық үзіліссіз еңбек стажы барларға – 5 күн;

5 жылдан артық үзіліссіз еңбек стажы бар қызметкерлерге әрбір жұмыс істеген жылы үшін 3 күн қосылады, бірақ ол 21 күннен аспау керек.

5.2. Балалы болған қызметкерлерге қосымша ақылы 5 жұмыс күндік демалыс беріледі, немерелі болғанда – 2 жұмыс күні; жақын туысқаны қайтыс болғанда (анасы, әкесі, жұбайы, балалары, туған ағалары, апалары, әжесі, атасы) – 3 күн демалыс беріледі.

5.3. Бастауыш мектептерде (1-4класс) оқитын балалары бар әйелдерге әрбір оқу жылының бірінші күнінде қосымша ақылы демалыс беріледі.

5.4. Қалалық көліктегі жол ақы құнының өсуіне байланысты қызметкерлерге жол ақы құнының мөлшерінде өтемақы төлейді.

5.5. Кәсіпорында 20 (әйелдер) және 25 жылдан (еркектер) артық қызмет істеген мерейтой иелеріне (50, 70 жас) кәсіпорын қаражаты есебінен \_\_\_\_\_ сома мөлшерінде құнды сыйлықтар жасайды.

5.6. Өндірісте еңбек жарақатын алған қызметкерлерге мына мөлшерде бір жолғы жәрдемақы төленеді:

- өндірістегі сәтсіз жағдайға байланысты немесе кәсіби аурудан қайтыс болған қызметкерлерге он есе жылдық жалақысы беріледі;

- еңбек жарақатынан немесе кәсіби аурудан болған бірінші және екінші топтағы мүгедектерге бес есе жылдық жалақы төленеді;

- еңбек жарақатынан немесе кәсіби аурудан болған үшінші топтағы мүгедектерге екі есе жылдық жалақы төленеді;

- мүгедектігі белгіленбеген, бірақ еңбекке қабілетін жоғалтқан қызметкерлерге оның бір жылдық жалақысы төленеді.

5.7. Қызметкер қайтыс болған жағдайда оны жерлеуге байланысты шығындарды \_\_\_\_\_ сома мөлшерінде кәсіпорын көтереді.

5.8. Осы шартқа қоса тіркелген қосымшадағы тәртіпке сәйкес, баспанаға мұқтаж қызметкерлерге үй салуға немесе сатып алуға несие беру және жәрдемақы төлеу көзделген.

5.9. Тоқсан сайын кәсіподақтың есепшотына кәсіпорынның мәдени-көпшілік және спорттық шараларын жүргізу үшін \_\_\_\_\_ сома мөлшерінде ақша аударылады.

## 6. Кәсіподақ қызметінің кепілдіктері

### 6.1. Жұмыс беруші:

Кәсіподақ комитетіне кәсіпорынның қызметі туралы ақпарат беруге;

- кәсіподаққа жұмыс істеу үшін телефоны бар кабинет беруге;

- негізгі қызметінен босамаған кәсіподақ активіне қоғамдық міндеттерді орындау үшін кәсіподақпен келісілген мерзімде ақылы бос уақыт беруге міндеттенеді;

- кәсіподаққа жұмыс уақытында кәсіподақ мүшелерінің жиналысын өткізуге рұқсат береді, бірақ ол бірінші ауысымның жұмысы аяқталғанға дейінгі бір сағат ішінде өткізілуге тиіс. Келісілген мерзімде жиналыс өткізу үшін мәжіліс залы босатылып беріледі.

- кәсіподақтың есепшотына бас бухгалтердің атына жазбаша түрде кәсіподақ комитеті берген тізім бойынша кәсіподақ мүшелерінің жарналарын аударады.



## ЖЕКЕ ЕҢБЕК ШАРТЫ

Акционерлік қоғам (ЖШС, ҚЖС, ЖК) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (заңды мекенжайы, нөмірі, күні)

Бұдан әрі «Жұмыс беруші» деп аталатын, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (шартқа қол қоятын тұлғаның аты-жөні, лауазымы)

\_\_\_\_\_ заңды тұлғаны тіркегені туралы

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін

\_\_\_\_\_ куәлікті кім берген)

\_\_\_\_\_ (лауазымды тұлғаның өкілеттігін анықтайтын құжаттың атауы)

\_\_\_\_\_ жеке басын куәландыратын

\_\_\_\_\_ құжаттың атауы, кім берген)

және бұдан әрі «Қызметкер» деп аталатын, ҚР «ҚР еңбек туралы» Заңы негізінде іс-әрекет ететін азамат \_\_\_\_\_ төмендегі мәселелер туралы осы шартты жасады.

### 1-бап. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Жұмыс беруші қызмет береді, ал Қызметкер штаттық кесте бойынша және осы шартта белгіленген жағдайларға байланысты \_\_\_\_\_ лауазымының қызметін атқаруға келіседі.

1.2. Осы шарт бойынша бұл жұмыс қызметкердің негізгі жұмыс орны болып табылады.

1.3. Қызметкердің басқа қызметтерді қоса атқаруға құқығы бар және өзінің негізгі қызметінен босамай-ақ қосымша қызмет атқара алады.

### 2-бап. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ

2.1. Осы шарт \_\_\_\_\_ (мерзімін жазбаша түрде көрсету керек)

мерзімге жасалды.

- басталуы : « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2000ж.

- аяқталуы: « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2003ж.

2.2. Қызметкердің ұйымдастыру қабілетін және біліктілігін тексеру үшін \_\_\_\_\_ айға сынақ мерзімі белгіленеді

- басталуы: « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 200 ж.

- аяқталуы: « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 200 ж.



2.3. 2.2 тармақшасындағы сынақ мерзімі біткенге дейін \_\_\_\_\_ апта (ай) ішінде тараптардың жазбаша хабарламасы бойынша бір жақты тәртіпте шартты бұзуға болады.

2.4. Қызметкер сынақ мерзімінде жүрген кезде ҚР еңбек туралы заң актілерінде және осы шартта белгіленген нормаларды пайдаланады.

### **3-бап. Қызметкердің құқықтары мен міндеттері**

3.1. «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ «Лауазымдық нұсқаулық» және «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ «Қызметкерлер туралы» ережелерге сәйкес қызметкерлердің атқаратын лауазымы бойынша құқықтары мен міндеттері болады.

3.2. Қызметкер өзінің қызметін орындауға тікелей қажетті Жұмыс беруші берген мүліктердің дұрыс сақталуына толық материалдық жауапкершілікте болады және осы Шарт бойынша міндеттерді орындауға міндеттенеді (1-қосымша).

3.3. Қызметкер қызмет бабына байланысты өзіне ғана мәлім Жұмыс берушінің коммерциялық құпия мәліметтерін жарияламау жөнінде жазбаша түрде міндеттеме береді (2-қосымша).

3.4. Қызметкер \_\_\_\_\_ тікелей бағынышты болады.  
(басшының лауазымы)

3.5. Қызметкер жылына бір рет Жұмыс берушінің есебінен Қазақстан Республикасының «ҚР-дағы еңбек туралы» 10.12.99 жылғы № 493-1 Заңының 88-бабында белгіленген жағдайларға сәйкес, лауазымы бойынша өзінің еңбектегі міндеттерін орындаудан толық босатыла отырып, білімін көтеруге құқығы бар.

3.6. Жұмыс беруші ҚР «ҚР-дағы еңбек туралы» 10.12.99 жылғы № 493-1 Заңының 91 бабының 2-7 тармақтарында белгіленген жағдайларда қызметкерге келтірілген зардабтар үшін толық мөлшерде жауапты болады.

### **4-бап. ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

4.1. ҚР «ҚР-дағы еңбек туралы» 10.12.99ж. № 493-1 Заңының 8-бабының және ішкі қолданыс үшін шығарылған жарғылар мен актілердің талаптары шегінде Жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері болады.

4.2. Жұмыс беруші қызметкерді осы Шартқа қатысты барлық құжаттармен таныстыруға міндетті, оның ішінде:

- «Қызметкерлер туралы» ереже;

- лауазымдық нұсқаулық;

- жұмысқа алу, ауыстыру, жұмыстан шығару, жазалау, көтермелеу, іссапар туралы және тағы басқа бұйрықтар;

- коммерциялық құпияға жататын мәліметтердің тізімі.

4.3. Жұмыс беруші келісімді бұзғаннан кейін немесе жұмысты одан әрі жалғастыру үшін, сонымен бірге Қазақстан Республикасы тұрғындарын жұмыспен қамту қызметіне тіркелу үшін қажетті - еңбек қызметін, еңбек ақысын, кепілдіктерді, өтемақыларды растайтын барлық құжаттарды ресімдеуді және сақтауды қамтамасыз етеді.

4.4. Жұмыс беруші қызметкердің арызы бойынша 5 күн ішінде төмендегі құжаттарды:

- еңбек кітапшасын немесе оны ауыстыратын құжатты;

- бұйрықтардың (қабылдау, ауыстыру, жұмыстан шығару, көтермелеу, жазалау ж.т.б.) көшірмесін;

- жалақы, жұмыс уақыты, лауазымы туралы анықтаманы;

- ұсыным хатты дайындап беруге міндетті.

4.5. Осы Шарттың қолдану мерзімі ішінде Жұмыс беруші қызметкердің лауазымын көтеру мақсатында, «Аттестация туралы» ережеге және тұрақты түрде қолданылып жүрген тарифтік-біліктілік комиссияның ережесіне сәйкес қызметкерден аттестация алуға құқығы бар.

Аттестация жақсы нәтиже берген жағдайда осы Шартты қайта жасайды, аттестация нәтижесі Жұмыс берушіні қанағаттандырмаса, шарт өзгеріссіз күйінде қалады.

## 5-бап. ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫ

### 5.1. Жұмыс уақыты мен демалыс

а) Қызметкерге:

- бес күндік жұмыс аптасы және екі күн – сенбі, жексенбі- демалыс белгіленеді;

- « \_\_\_\_\_ » сағаттан бастап « \_\_\_\_\_ » дейін сегіз сағат жұмыс күні белгіленеді;

- бір сағат « \_\_\_\_\_ » сағаттан « \_\_\_\_\_ » сағатқа дейін үзіліс жарияланады.

б) ҚР «ҚР-дағы еңбек туралы» 10.12.99.ж. №493-1 Заңының 49-50 баптарына сәйкес мерзімнен тыс жұмысқа рұқсат етіледі;

в) ҚР «ҚР-дағы еңбек туралы» 10.12.99.ж. №493-1 Заңының 17-23 баптарында белгіленген жағдайларды сақтай отырып, еңбек шартына өзгерістер енгізуге, оның ішінде қызметкерді басқа жұмысқа ауыстыру туралы шешімдер қабылдауға құқығы бар.

г) ҚР «ҚР-дағы еңбек туралы» 10.12.99.ж. №493-1 Заңының 48,56,58,59- баптарында белгіленген жағдайларды сақтай отырып, қызметкерлерді түнгі ауысымға, демалыс және мереке күндерінде жұмысқа тартуға болады;

д) Қызметкер атқарып отырған лауазымына байланысты қызметтік міндеттерін орындау үшін Қазақстан Республикасының шегіне , сонымен бірге шет елге іссапарға жіберілуі мүмкін;

е) Қызметкерге жыл сайын жалақысы сақталатын , ақылы, ұзақтығы 30 күнтізбелік күн еңбек демалысы беріледі. Осы шартқа қол қойғаннан соң \_\_\_\_\_ айдан демалыс алуға құқық кейін беріледі. Сонымен бірге, демалыс өндірістік қажеттілікке байланысты тараптардың келісімімен мерзімінен бұрын үзілуі мүмкін.

ж) Қызметкерге аса маңызды тапсырмаларды орындау үшін :

- \_\_\_\_\_ күн мерзіміне қосымша демалыс беріледі;

- \_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде емделуге материалдық көмек көрсетіледі.

з) орынды себептер болған кезде Жұмыс беруші қызметкерге \_\_\_\_\_ күнге ақысыз демалыс беруі мүмкін;

и) еңбек демалысын бір жылдан артық уақытқа кейінге қалдыруға болмайды, оның өзінде ол бұйрықпен ресімделуге тиіс;

к) демалыстың осы шартта белгіленбеген ресімдеу рәсімдері мен тәртібі « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2000 ж. № \_\_\_\_\_ «Қызметкерлер туралы» ереже арқылы реттеледі.

### 5.2. Еңбекақы және сыйақы туралы

а) қызметкерге « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 200 ж. № \_\_\_\_\_ «Еңбекке ақы төлеу туралы ереже бойынша \_\_\_\_\_ мөлшерінде жалақы төленеді. Жалақысы ай сайын инфляцияның коэффициентіне, сыйақының және қайта қаржыландыру ставкаларына байланысты дисконттау арқылы индекстелінеді.

б) осы шартқа қол қойған күннен кейін бір жыл өткен соң, егер қызметкер өз қызметін мүлтіксіз орындап, бұйрықпен ресімделген жаза алмаса, онда қызметкерге ай сайын дербес үстемақы белгіленуі мүмкін.

в) осы шарттың 5.1 тармағының «б» тармақшасында көрсетілген мерзімнен тыс жұмыс үшін қызметкерге жалақының 1.5 коэф. мөлшерінде , ҚР «ҚР-дағы еңбек туралы» 10.12.99ж. №493-1 Заңының 73-бабына сәйкес төлем жасалады.

г) Жұмыс берушінің кінәсінен тоқтаған жұмыс уақытына және екі қызметті қоса атқарған кезде « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 200 ж № \_\_\_\_\_ «Еңбекке ақы төлеу туралы» ереже бойынша төлем жасалады.

д) Егер жалақы немесе басқа да тиісті төлемдер Жұмыс берушінің кінәсінен кешіктірілсе, онда ол қызметкерге Ұлттық Банк белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы бойынша берешек сомадан әрбір кешіктірілген күн үшін өсімақы төлейді. Өсімақыны есептеу төлем жасаудың белгіленген күнінен бастап берешекті төлеп болғанша жүргізіледі.

е) кез келген себептерге байланысты шартты бұзған жағдайда Қызметкерге тиісті сома соңғы күннен кешіктірілмей төленеді.

### **6-бап. КЕПІЛДІКТЕР МЕН ӨТЕМАҚЫЛАР**

6.1. Егер Жұмыс беруші Қызметкерді мемлекеттік немесе қызметтік міндеттемелерін орындау кезінде жұмыстан босататын болса, онда қызметкердің жоқ кезінде оның лауазымдық қызметі мен орташа жалақысы сақталуға тиіс.

6.2. Егер қызметкер дәрігерлік тексеруден өтетін болса, немесе басқа да міндетті комиссиялардан өтіп жүрсе, онда осы уақытта оның орташа жалақысы сақталуы керек.

6.3. Қызметкерге пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін \_\_\_\_\_ мөлшерінде өтемақы төленеді.

6.4. Иссапарға байланысты кепілдіктер мен өтемақылар ҚР-ның қолданылып жүрген заң актілеріне байланысты төленеді. Иссапарға ҚР Үкіметінің белгілеген нормасынан артық төленетін өтемақылар оны растайтын құжат болғанда ғана төленеді.

6.5. Қызметкер Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіпке байланысты әлеуметтік жәрдемақылардың барлық түрлерімен қамтамасыз етіледі.

6.6. Қазақстан Республикасының Үкіметімен реттелген жағдайда өзіне тиісті қызметін орындау кезінде еңбекке қабілетін жоғалтқан немесе қайтыс болған адамның отбасына немесе қызметкерге ҚР заңдарында белгіленген мөлшерде жәрдемақы төлейді.

6.7. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде Қызметкердің денсаулығына тигізген зиян үшін Жұмыс беруші жауапты болады, қызметкерлердің өмірін сақтандыруы керек.

6.8. Мына себептерге байланысты:

- жұмыс берушінің ұйымы таратылғанда;
- қызметкерді әскерге шақырғанда;
- қызметкер қайтыс болған жағдайда шартты бұзады.

Жұмыс беруші Қызметкерге немесе оның отбасына Қазақстан Республикасының Үкіметінде белгіленген ең төменгі жалақының \_\_\_\_\_ мөлшерінде жәрдемақы төлейді.

6.9. Мына себептерге байланысты:

- штаттық кестенің немесе қызметкердің лауазымының қысқаруына байланысты;
- тараптардың келісімі бойынша;
- денсаулығына байланысты атқаратын қызметін орындай алмаған жағдайда;
- зейнетке шығуына байланысты;
- басқа жерге көшуіне байланысты шартты бұзады.

Жұмыс беруші қызметкерге \_\_\_\_\_ мөлшерде жәрдемақы төлейді.

6.10. Жұмыс беруші қызметкерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте арнайы киіммен, құралдармен, көлікпен және де басқа инвентарлармен, сонымен бірге еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігімен қамтамасыз етуге міндетті.

6.11. Егер қызметкер Жұмыс берушінің кәсіпкерлік қызметін орындау мақсатында өз мүлкін пайдаланатын болса, оған Жұмыс беруші шыққан шығынды төлеуге міндетті.

### **7-бап. ЕҢБЕК ШАРТЫН ТОҚТАТУ НЕМЕСЕ БҰЗУ**

7.1. Осы шарт мына жағдайда бұзылады:

а)

- мерзімінің бітуіне байланысты;
- тараптардың еркінен тыс себептерге байланысты тоқтатылады;

б)

- тараптардың келісімімен;
- Жұмыс беруші тарапынан;
- Қызметкер тарапынан бұзылады.

- Тараптардың еркінен тыс, ҚР заң актілерінде көзделген басқа да негіздерге байланысты.

7.2. Осы шарт ҚР «ҚР-дағы еңбек туралы» 10.12.99ж. №493-1 Заңының 26-бабында көзделген негіздер бойынша Жұмыс берушінің тарапынан бұзылуы мүмкін және бұл факт белгіленген тәртіппен құжатта ресімделуі қажет.

7.3. Осы шарт ҚР «ҚР-дағы еңбек туралы» 10.12.99ж. №493-1 Заңының 28-бабында көзделген негіздер бойынша қызметкер тарапынан бұзылуы мүмкін.

7.4. Бұл шарт тараптардың бірінің атынан жазбаша түрде шарт бұзылғанға дейінгі бір ай ішінде ұсынылған жазбаша хабарламаның негізінде бұзылуы мүмкін.

7.5. Осы шарт тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін. Шартты бұзу себебі осы шартқа қосымша болып тіркелуге тиіс.

7.6. Егер шарттың мерзімі бітуіне бір ай қалғанша екі тараптан да жазбаша түрде хабарлама түспесе, онда шарттың мерзімі ұзартылған деп есептеледі.

7.7. Меншік иесінің немесе заңды тұлғаның ауысуы осы шартты бұзуға негіз бола алмайды.

### **8-бап. ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ**

8.1. Еңбек даулары тараптардың келісімімен төмендегі инстанцияларда:

- а) келісім комиссиясында (егер ол Жұмыс берушіде бар болса);
- б) аралық сотта, оның құрамы тараптардың келісімімен сайланады;
- в) Қазақстан Республикасының мемлекеттік соттарында қаралуы мүмкін.

8.2. Қызметкер мемлекеттік сотқа жүгінсе, онда ол мемлекеттік баж салығынан және басқа да соттың төлемдерінен босатылады.

### **9-бап. БАСҚА ЖАҒДАЙЛАР**

9.1. Егер осы шарттың ережелері Жұмыс берушінің фирма ішіндегі актілеріне қарсы келетін болса, онда , негізінен, осы шарттағы ережелердің заңдық күші болады.

9.2. Егер осы шарттағы ережелер Қазақстанда бекітілген халықаралық шарттар мен Қазақстан Республикасының «ҚР-дағы еңбек туралы» заңдарының ережелеріне қайшы келетін болса, онда ең бірінші халықаралық шарттары, содан кейін ҚР заңдары заңды болып табылады. Шарттың жекелеген тармақтарының заңсыздығы шарттың заңдық күшін жоя алмайды.

9.3. Егер ҚР заң актілерінде қызметкердің жағдайын жақсарту жөнінде өзгертулер енгізілсе, онда осы шарттың соған сәйкес тармақтарына да өзгертулер енгізіледі, егер керісінше болса, онда шартқа өзгеріс енгізілмейді.

9.4. Осы шарт заңдық күші бірдей екі данада жасалады және бір-бір данадан тараптарға беріледі, әрбір тарап қажетіне қарай кез келген санда көшірме жасауға хақылы.

9.5. Осы шарт «\_\_\_»\_\_\_\_\_ 200\_\_ жылдан бастап күшіне енеді және мерзімі біткенше әрекет етеді, ал оның 2-баптағы мәліметтері тараптардың коммерциялық құпиясына жатады.

Қосымша:

1. Жеке материалдық жауапкершілік туралы шарт 1 бет, 1 дана.

2. Коммерциялық құпияға жататын мәліметтерді жарияламау туралы міндеттеме, 1 бет, 1 дана.

### **Жұмыс беруші**

### **Қызметкер**

\_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның атауы, СТН)

\_\_\_\_\_

(азаматтық, аты-жөні, ӘЖК-нің нөмірі)

\_\_\_\_\_

лауазымы, аты-жөні және уәкілетті

\_\_\_\_\_

СТН, мекенжайы, тұратын жері

\_\_\_\_\_

тұлғаның қолы, заңды тұлғаның мөрі, күні)

\_\_\_\_\_

қолы және күні)



## Толық жеке материалдық жауапкершілік туралы ШАРТ

(кәсіпорынның атауы)

тиісті материалдық құндылықтарды сақтауды қамтамасыз ету мақсатында бұдан әрі «Әкімшілік» деп аталатын кәсіпорын атынан \_\_\_\_\_ және бұдан әрі

(лауазымы, аты-жөні)

«Жұмысшы» деп аталатын екінші тараптың атынан \_\_\_\_\_

(лауазымы, аты-жөні)

төмендегі мәселелер жөнінде осы шартты жасасты:

1. Қызметкер \_\_\_\_\_

(аты-жөні)

лауазымы \_\_\_\_\_

немесе атқаратын қызметі \_\_\_\_\_

(қызметтің аты)

(оған тапсырылған құндылықтарды сақтау, өңдеу, сату, тасымалдау

немесе өндіріс процесінде пайдалануы)

байланысты өзінің жауапкершілігіне алған құндылықтарды сақтауды жүзеге асыруға:

- оның жауапкершілігіне берілген материалдық құндылықтарды сақтауға немесе басқа да құндылықтарды жоғалып-бұзылудан сақтау үшін шаралар қолдануға;

- сеніп тапсырылған материалдық құндылықтардың сақталуына қауіп туғызатын түрлі жағдайлар туралы әкімшілікке уақтылы хабарлауға;

- сеніп тапсырылған материалдық құндылықтардың тауар, ақша және басқа да есебін, олардың басқа да қозғалысы мен қалдықтары туралы белгіленген тәртіпте есеп жүргізуге міндеттенеді.

2. Әкімшілік:

- сеніп тапсырылған материалдық құндылықтардың толық сақталуын қамтамасыз ету үшін қызметкерге қажетті жағдай жасауға;

- қызметкерлерді материалдық жауапкершілік туралы қолданылып жүрген заң актілерімен таныстыру, сонымен бірге сеніп тапсырылған құндылықтарды сақтау, қабылдау, өңдеу, сату, тасымалдау немесе өндіріс процесінде пайдаланудың нормативтерімен және ережелерімен таныстыру;

- белгіленген тәртіпте материалдық құндылықтардың түгендемесін жүргізуге міндеттенеді.

3. Егер қызметкердің кінәсінен оған сеніп тапсырылған материалдық құндылықтардың сақталуы қамтамасыз етілмесе және ол кәсіпорынның қызметіне зиянын тигізсе, онда қызметкер оның орнын қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіпте толтырады.

4. Егер шығын қызметкердің кінәсінен болмаса, онда қызметкер материалдық жауапкершілікте болмайды.

5. Қызметкерді ҚР «ҚР-дағы еңбек туралы» 10.12.99ж. №493-1 Заңының 89-92 баптарындағы талаптармен таныстыру керек.

6. Осы шарттың күші кәсіпорынның материалдық құндылықтары сеніп тапсырылған Қызметкермен жұмыс істеген уақыттың барлық кезеңінде де сақталады.

7. Осы шарт екі данада жасалады: бір данасы әкімшілікте, екінші данасы қызметкерде сақталады.

**Әкімшілік**

\_\_\_\_\_ (лауазымы, аты-жөні, қолы, заңды тұлғаның мөрі, күні)



**Жіберілетін құжаттарды тіркеу  
ЖУРНАЛЫ**

№ п/п	Кімге	Қысқаша мазмұны (тақырыбы)	Орындаушы	Істің №	Ескерту
1	2	3	4	5	6



**Келіп түскен құжаттарды тіркеу  
ЖУРНАЛЫ**

Құжаттың индексі авторы	Келіп түскен күні	Шығу нөмірі	Қысқаша мазмұны (тақырыбы)	Орындаушы	Орындаушының қолы	Орындалу мерзімі	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8



\_\_\_\_\_  
Кәсіпорынның атауы

БҰЙРЫҚ № \_\_\_\_\_  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.  
\_\_\_\_\_ қаласы

**ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫН БАСШЫ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АРАСЫНДА БӨЛУ ТУРАЛЫ**

Жарғы және есеп саясаты негізінде 200\_\_ жылғы лауазымды тұлғалардың арасында қол қою құқығын бөлу мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Басшы қызметкерлердің (еңбек келісім-шарттарына сәйкес) ұйымның атынан ұйымдық-өкімдік, кадр туралы, қаржылық - есеп айырысу құжаттарына қол қоюға құқығы бар екендігі туралы мәліметтерді бөлімдер мен қызметтердің, сонымен бірге ақпаратты пайдаланушылардың назарына ұсынамыз:

- а) құрылымдық бөлімшелерге бағынатын жекелеген қызметкерлермен жасалған еңбек келісім-шарттарына;
- б) негізгі және басқа да қызметтер жөніндегі шарттарға (келісім-шарттарға);
- в) хаттарға, телеграммаларға, факстерге;
- г) кепіл хаттарға, сенімхаттарға, актілерге (НҚ және МЕА объектілердің қабылдау-өткізу, немесе есептен шығару), анықтамаларға;
- д) қаржылық-есеп айырысу құжаттарына;

- е) еңбек кітапшаларына;
  - ж) хаттамаларға, өкімдерге, бұйрықтарға, көшірмелерге;
- Аталып отырған құқықтар мынадай қызметкерлерге:
- бас бухгалтерге тармақшалар бөлігінде;
  - директордың орынбасарларына беріледі.

2. Бөлімдерге, қызметтерге және бас мамандарға 1-тармақта көрсетілген құқықтарды орындау керек, өйткені қол қойылған құжаттардың тараптардың құқықтық қатынастарында күші болады және ҚР-ның қолданылып жүрген заң актілерінің алдында жауапқа тартылады.

3. \_\_\_\_\_ тармақшаларда көрсетілген құжаттарға қол қойылғаннан кейін, серіктестіктің мөрі соғылады.

4. Серіктестіктің дөңгелек мөрі оның сақталуына және пайдалануына жауапты тұлға - бас бухгалтердің сейфінде болады.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

Бас директор

Таныстық:



Кәсіпорынның атауы

### БҰЙРЫҚ

\_\_\_\_\_ қаласы

«Штаттық кестеге өзгерістер енгізу туралы»

Мына мәселелерге

байланысты \_\_\_\_\_  
(негіздеме)

БҰЙЫРАМЫН:

Кәсіпорынның штаттық кестесіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_

Кәсіпорынның директоры

қолы

аты-жөні

Кәсіпорынның атауы

№ \_\_\_ іске

Орындаушының қолы



\_\_\_\_\_ (Кәсіпорынның атауы)

## БҰЙРЫҚ

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж № \_\_\_\_\_ қаласы

### Іс қағаздарын жүргізу бойынша нұсқаулықты енгізу туралы

Кәсіпорында құжаттармен жұмыс жасау ісін дамыту және олардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. Кәсіпорында іс қағаздарын жүргізу бойынша Нұсқаулықты бекіту.
2. Іс қағаздарын жүргізу бойынша Нұсқаулықты \_\_\_\_\_ бастап енгізу.
3. Кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері \_\_\_\_\_ 200\_\_ жылдан бастап іс қағаздарын жүргізу бойынша Нұсқаулықты, құжаттармен жұмыс жөніндегі Ережені басшылыққа алсын.
4. Хатшы \_\_\_\_\_ іс қағаздарын жүргізу Нұсқаулығын көбейтіп, оны құрылымдық бөлімшелерге \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж. дейін жеткізсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын \_\_\_\_\_ бақыласын.

(лауазымы, аты-жөні)

Кәсіпорынның директоры \_\_\_\_\_

колы

аты-жөні

Белгі

\_\_\_\_\_ (лауазымы)

\_\_\_\_\_ (қолы, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (күні)



Кәсіпорынның атауы

## БҰЙРЫҚ

00.01.0. № \_\_\_\_\_ қаласы

\_\_\_\_\_ жұмыстан шығару туралы  
(аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)  
себептерге байланысты жұмыстан шығарылсын.

\_\_\_\_\_ (шығарылған күні)

\_\_\_\_\_ (шығарылу себебі)

Негізі: жұмыстан шығаруға негіз болған құжат

Директор

қолы

Аты-жөні



Бұйрықпен таныстым  
қызметкердің қолы 00.00.00.



Кәсіпорынның атауы

**БҰЙРЫҚ**

00.00.0. № \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ қаласы

Жұмысқа қабылдау туралы

1. «\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ келісім-шарттың негізінде бас бухгалтер қызметіне азамат \_\_\_\_\_ тағайындалсын.

3. «\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж. дейін <sup>аты-жөні</sup> көрсетілген келісім-шартты орындауды қамтамасыз ету мақсатында бас бухгалтер мына жобаларды жүзеге асырсын:

- бөлімшелерді, қызметтерді, лауазымды тұлғаларды және басқа да кәсіпорын қызметкерлерін олардың келісім-шарттарымен таныстыруды көздеген директордың өкімін;
- бас бухгалтердің келісім-шартта белгіленген құқықтарын, сонымен бірге келісім-шарттың басқа да талаптарын орындауын қамтамасыз ететін директордың бұйрығын дайындасын.

Негізгі: «\_\_» \_\_\_\_\_ 2000\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ ЖЕШ

Директор қолы Аты-жөні

Бас бухгалтер қолы Аты-жөні  
00.00.00.



Сенімхат \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж. дейін берілді.

\_\_\_\_\_  
(тұтынушының атауы және мекенжайы)

\_\_\_\_\_  
(төлеушінің атауы және оның мекенжайы)

Шоттың № \_\_\_\_\_ , \_\_\_\_\_  
(банкнің атауы)

№ \_\_\_\_\_ СЕНІМХАТ

Берілген күні \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.



Осы сенімхатты куәлігінің № \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ берілген, мына мекенжайда  
\_\_\_\_\_ тұратын \_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ сомасында \_\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_ кәсіпорын атынан мәміле өткізу үшін \_\_\_\_\_  
(кәсіпорынның атауы)

беремін.

Ол \_\_\_\_\_ кәсіпорын атынан мекемелерде, ұйымдарда  
(заңды тұлғаның атауы)

мәміле жүргізуге қажетті барлық құжаттарды ала алады, өзінің қолын қояды, оның ішінде осы тапсырманы орындауға байланысты барлық шарттарға қол қойып, мәміле жасай алады.

Осы сенімхат бойынша өкілдікті басқа тұлғаларға беруге болмайды.

Сенімхат \_\_\_\_\_ мерзімге берілді.

Сенімхат \_\_\_\_\_ нөмірмен тіркелді.

Басшы \_\_\_\_\_  
(қолы)

М.О.

Сенімхаттың мерзімі үш жылдан аспауы тиіс.



\_\_\_\_\_  
(Ұйымның атауы)  
БЕКІТЕМІН  
Бас директор

\_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

## ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

\_\_\_\_\_ 200\_\_

№ \_\_\_\_\_  
бас директордың  
хатшы-референтіне

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Хатшы-референттер кәсіпорын мамандарының санатына жатады, оларды жұмысқа директор қабылдайды және шығарады.

1.2. Хатшы-референттердің негізгі міндеттері басқару қызметін ұйымдық және құжаттамалық қамтамасыз ету болып табылады.

1.3. Хатшы-референт тікелей кәсіпорынның директорына бағынады.

1.4. Өз қызметінде хатшы-референт мына құжаттарды басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының заң актілері;
- кәсіпорынның жарғысы;
- «Қызметкерлер туралы» ереже;
- кәсіпорын басшысының бұйрықтары (өкімдері);
- іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі нормативтік-әдістемелік материалдар;
- осы лауазымдық нұсқаулық.

1.5. Хатшы-референт лауазымына жоғары немесе арнаулы орта білімі бар және 1 жыл еңбек стажы бар немесе стажы жоқ, бірақ хатшы-референттердің курсынан өткен тұлғалар тағайындалады.

1.6. Хатшы-референт төмендегі мәселелерді білуі керек:

- құжаттармен жұмыс, құжаттамаларды жинақтап-құрастыру;

- басқару жұмысын ұйымдастыру;
- есептеу және ұйымдастыру техникаларын қолдана білу;
- қызметтік құжаттамаларды коммерциялық әріптестердің тіліне аудару;
- еңбек мәдениеті және қызмет этикасы;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғаныстар.

## **2. ҚЫЗМЕТТЕРІ**

Хатшы-референттерге мынадай қызметтер жүктеледі:

- 2.1. Кәсіпорынның құжаттары бойынша ақпараттық анықтамалық қызмет көрсету.
- 2.2. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарындағы іс жүргізуді ұйымдастыруға әдістемелік басшылық және бақылау.
- 2.3. Кәсіпорынның кеңесші органдарының қызметін құжаттау.
- 2.4. Басшылықты жедел-ұйымдастыру қызметімен қамтамасыз ету.
- 2.5. Кадр құжаттарын жүргізу және ресімдеу, есепке алу (қызметкерлер жөніндегі инспектор болмаған жағдайда).

## **3. ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ**

Хатшы-референттің міндеттері:

- 3.1. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін қамтамасыз ететін қажетті құжаттарды дайындауды жүзеге асыру.
- 3.2. Құжаттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, орындалуын қадағалау, ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету және құжаттық ақпараттарды сақтау.
- 3.3. Кәсіпорынның басшысына қол қоюға апарылатын құжаттардың дайындалуының, дұрыс жасалуының, келісілуінің, бекітілуінің сапасын қадағалайды.
- 3.4. Басшылардың құжаттары мен тапсырмаларының орындалуына бақылау жасайды, сапалы түрде тез жасалуға жіберілген тапсырмалардың жедел орындалуы үшін шаралар қолданады.
- 3.5. Дайындықты ұйымдастыру, шешім қабылдау және оны орындау үшін тиісті адамдарға жеткізуді жүзеге асырады. Басшыға берілетін анықтамалар мен баяндамаларға талдау жасайды, олар бойынша құзіретті тұжырым ұсынады.
- 3.6. Кәсіпорынның ағымдағы қызметіне байланысты ұйымдармен (коммерциялық және мемлекеттік) және жекелеген азаматтармен жедел байланысты жүзеге асырады (телефон, факс).
- 3.7. Келушілерді қабылдайды.
- 3.8. Кәсіпорынның кадр қызметі құжаттамаларын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындайды:
  - жеке құрам бойынша бұйрықтарды ресімдеу;
  - жеке карточкалар немесе жеке парақтардың нысандарын ресімдеу;
  - еңбек кітапшаларын толтыру;
  - еңбек шарттарын (келісім-шарттарын) жүргізу және ресімдеу;
  - іссапар құжаттарын ресімдеу;
  - еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы құжаттарды ресімдеу;
  - жұмыс уақытын есептейтін табельді жүргізу;
  - еңбек стажы және жалақы туралы анықтамалар беру.
- 3.9. Машинаға басылған және көшіріп-көбейту жұмыстарының орындалуын қамтамасыз етеді.
- 3.10. ПЭВМ-ді кәсіпорынның құжаттамалық қағаздармен қамтамасыз етудегі автоматты құрал ретінде пайдалану.
- 3.11. Жыл сайын құжаттарды мұрағатқа өткізу немесе жою.
- 3.12. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық саласы бойынша басшының жекелеген тапсырмаларын орындау.

## **4. ҚҰҚЫҚТАРЫ**

Хатшы-референттің құқығы:

- 4.1. Қызметкерлер мен мамандардан қажетті материалдарды талап етеді, сонымен бірге басшының тапсырмасын кешіктіріп орындағандардан түсініктеме алады.
- 4.2. Құжаттарды қарап, оларды орындау үшін басшыларға және кәсіпорынның мамандарына жібереді.
- 4.3. «Іс қағаздарын жүргізу туралы» нұсқаулықты, құжаттарды ресімдеудегі халықаралық ережелерді бұзып дайындалған құжаттарды орындаушыларға өндеуге жіберіп, дұрыс орындауын талап етеді.
- 4.4. Өзінің құзіреті шегінде басқару қызметінің құжаттарына белгі соғады.
- 4.5. Кәсіпорын қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету жұмысын жақсарту жөнінде және электрондық техниканы қолдану негізінде басқару жұмысының әдістері мен нысандарын одан әрі жетілдіру жөнінде басшылықтың қарауына ұсыныстар енгізеді.
- 4.6. Кәсіпорын басшыларынан қызметтік міндеттерін орындау үшін және кәсіпорын қызметі барысында жинақталған барлық құжаттарды сақтау үшін қажетті жағдай жасауын талап етеді.
- 4.7. «КҚ» немесе «Өте құпия», «ҚПҰ» (қызметте пайдалану үшін) деген белгілері бар құжаттармен жұмыс істейді.

4.8. Өз күзiретi шегiнде шешiмдер қабылдайды.

